

2021-2022 жылдары Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы жойылуға жататын алып қоюлар мен шектеулердің тізбесі туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2021 жылғы 20 тамыздағы № 11 Өкімі

1. Қоса беріліп отырған 2021-2022 жылдары Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы жойылуға жататын алып қоюлар мен шектеулердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен бірлесіп, тізбеге сәйкес 2021 жылғы 1 қазанға дейін Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді жою жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралардың жоспарын ("жол картасын") дайындасын және оны Комиссия Кеңесінің қарауына ұсынсын.

3. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері тізбеге сәйкес осы Өкімнің 2-тармағында көрсетілген алып қоюлар мен шектеулерді жоюға бағытталған іс-шаралар туралы жоспарға кірістіру үшін 2021 жылғы 15 қыркүйекке дейін Комиссияға ұсыныстар берсін.

4. Комиссия 2021 жылғы IV тоқсанда Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысында осы Өкімді іске асыру барысы және тізбеге толықтырулар жөніндегі жұмыс туралы баяндасын.

5. Осы Өкімнің 2-тармағында көрсетілген іс-шаралар жоспары күшіне енген күннен бастап Еуразиялық үкіметаралық кеңестің 2017 жылғы 25 қазандағы "Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы алып қоюлар мен шектеулерді жою жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған іс-шаралар ("жол картасы") жоспары туралы" № 17 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

6. Комиссияның Ішкі нарықтар, ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар жөніндегі Алқа мүшесі (Министр) тізбеге кіргізілген алып қоюлар мен шектеулерді жою мониторингін қамтамасыз етсін.

7. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан

Еуразиялық үкіметаралық
кеңестің 2021 жылғы
20 тамыздағы № 11 өкіміне
ҚОСЫМША

2021-2022 жылдары Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы жойылуға жататын алып қоюлар мен шектеулердің ТІЗБЕСІ

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі – тиісінше Одақ, мүше мемлекеттер) еңбекшілерінің мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген, мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары берген ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар туралы құжаттарды тану рәсімінен өтуі қажеттілігі.

2. Жүргізушілердің кәсіби дайындығына, олардың кәсіби біліктілігін растауға қойылатын талаптарды және жүргізуші куәліктерін беруге әрі оларды кәсіпкерлік және еңбек қызметін жүзеге асыру үшін пайдалануға байланысты өзге де талаптарды үндестірудің болмауы.

3. Мүше мемлекетте шығарылатын және осы мүше мемлекетте кедендік әкету баждары салынатын тауарларды басқа мүше мемлекеттің аумағынан әкету кезінде кедендік әкету баждарын алу мәселесінің реттелмеуі.

4. Одақ шеңберінде ұлттық электрондық цифрлық қолтаңбамен (электрондық қолтаңбамен) куәландырылған, заңдық күші бар электрондық құжаттарды пайдалануды көздейтін мүше мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілері (жеке және заңды тұлғалар) арасындағы мемлекетаралық ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асыру шарттарының болмауы.

5. Одақ шеңберінде күшті әсер ететін заттардың айналысы саласында келісілген құқықтық реттеудің болмауы.

6. Одақ шеңберінде мәдени құндылықтар айналысы саласында келісілген құқықтық реттеудің болмауы.

7. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына бақылау және қадағалау іс-шараларын жүзеге асыруы кезіндегі өзара іс-қимылы үшін, сондай-ақ Одақтың техникалық регламенттері талаптарының сақталуына бақылау және қадағалау іс-шараларын жүргізу қорытындылары бойынша мүше мемлекеттер арасында туындайтын даулы мәселелерді қарау және реттеу үшін заңнамалық негіздердің болмауы.

8. Өнімге қойылатын міндетті талаптарды, сәйкестікті міндетті бағалау жүргізудің қағидалары мен рәсімдерін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу бөлігінде мүше мемлекеттердің ұқсас (салыстырмалы) заңнамасын белгілеуге қатысты ортақ қағидастар мен тәсілдемелердің болмауы.

9. Одақтың техникалық регламенттерінде, мемлекетаралық және ұлттық (мемлекеттік) стандарттарда, сондай-ақ олардың өзекті болмауына және (немесе) жоқ болуына байланысты зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер әдістемелерінде белгіленген міндетті талаптарды орындаудың жеткілікті қамтамасыз етілмеуі.

10. Мүше мемлекеттердің аккредиттеу саласындағы заңнамасын үндестірудің жеткіліксіздігі, соның ішінде қолданылатын рәсімдердің тең мәнділігіне қол жеткізу

үшін қажетті өзара салыстырмалы бағалардың, сондай-ақ мүше мемлекеттер арасындағы аккредиттеу саласындағы даулар мен наразылықтарды шешу рәсімдерінің болмауы.

11. Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 526 шешімімен бекітілген Кеден одағы шеңберінде міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілген өнімнің жекелеген түрлеріне қатысты бірыңғай міндетті талаптардың болмауы.

12. Тауарларды әкету олар шығарылатын мемлекеттің аумағы болып табылмайтын мүше мемлекеттің аумағынан жүзеге асырылатын жағдайларда мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары арасындағы берілген қорытындылар (рұқсат беру құжаттары) бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыру мәселесінің реттелмегендігі.

13. Мүше мемлекеттердің мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу саласындағы ұлттық режимнен алып қоюды белгілеу тәртібінің жетілдірілмегендігі.

14. Бір мүше мемлекеттің резидент банктері берген банктік кепілдіктерді мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуға қатысуға өтінімді қамтамасыз ету және басқа мүше мемлекеттің тапсырыс берушілері мемлекеттік (муниципалдық) сатып алуды жүргізген кезде келісімшарттың (шарттың) орындалуын қамтамасыз ету ретінде пайдалану мүмкіндігінің болмауы.